С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған **«Сейфуллин оқулары–10: Мемлекеттің индустриалды–инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі»** атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения–10: Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны»,** посвященная 120-летию со дня рождения С.Сейфуллина**.** – 2014. – Т.I, ч.2. – Б. 11-12

# «ПАТЕНТТАНУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІНІҢ МАМАНДАР ДАЙЫНДАУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

***Исмагулова В.Ж., Бабаликова А.М.***

Халық арасында «Білім мен ғылым – егіз» деген мақал бар. Оның түпкі мағынасы өте терең, себебі олар бір-бірінсіз болмайды. Әрине, біріншісі білім, одан кейінгісі ғылым екені даусыз. Сондықтан оқу барысында оқу-шылар, студенттер сапалы білім алуымен бірге ғылыми жұмыстарды орын-дауға қатысып, дағдыланулары қажет. Тек осы жағдайларда ғана болашақ мамандар өндірістік жағдайларда жақсы нәтижелер көрсетіп абыройлы жұмыс істей алады. Кейбіреулері ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып ғылым мен техниканың дамуына өздерінің үлестерін қосады. Онсыз ешқан-дай ілгерілік болуы мүмкін емес, оған адамзаттың даму тарихы дәлел. Бұл орайда «Білекті бірді жығады- білімді мыңды жығады» деген халықтың мақа-лын еске түсіруге болады.

Университет қабырғасында оқып жүрген болашақ мамандар тек келешек-тегі қызметімен байланысты пәндерді ғана емес, сонымен қатар алдағы өзі істейтін салада өндірісті ілгері дамытуға себепші болатын пәндердіде өтулері қажет. Ол үшін университетте оқып жүргенде тек қана жоспарлы бекітілген пәндерді ғана меңгеріп қоймай ой-жүйені дамытатын пәндерден де білім алу керек.

Сол себептен соңғы кезде жоғарғы оқу орындарының оқу жоспарларына мемлекеттік (міндетті) және таңдау бойынша алынатын пәндер компоненті қарастырылған. Соңғы компонент пәндерін сәйкес мамандықтарды дайын-дайтын шығарушы кафедралар оқытушылары ұсынады. Осыған сәйкес біздің университеттің техникалық факультетінің «Техникалық сервис» кафедрасында біраз мамандықтарға арналған «Патенттану және техникалық шығармашылық негіздері» пәні ұсынылып, оқу кестесіне енгізілген. Әрине бұл пәннің көлемі және мазмұны жағынан әр мамандықтар үшін өзгешеліктері болуы мүмкін, оның көлемін сәйкес деканаттар, мазмұнын жүргізуші оқытушылар белгілейді.

Бұл пәнді жүргізудегі көздеген мақсат - техникалық және технологиялық мамандықтарда оқитын студенттерге авторлық құқықты қорғау, оның ішінде өнертабыстардың, пайдалы модельдердің және өндірістік үлгілердің авторларының құқығын қорғау, сонымен қатар техникалық шығармашылық негіздерінен аз да болса білім беру. Мұндай пән Қазақстан Республикасының кейбір жоғарғы оқу орындарында жүргізілмейді, тек қана таза техникалық және заңгерлік жоғарғы оқу орындарында жүргізіледі.

Ал, мысалы, агротехникалық кешен салаларының мамандары өнертабыс жасай алмайды деп айтуға болмайды. Сонымен қатар Республикада агротехникалық кешен мәселерімен айналысатын қаншама ғылыми-зерттеу институттары, өсімдіктер мен жануарлардың жаңа түрлерін шығарумен айналысатын мекемелер және т.б. бар. Оларға да санаткерлік меншікті қорғау мәселелерінен, техникалық шығармашылық негіздерінен білімдері бар мамандар қажет.

Университеттің барлық факультеттерінде өнертабысқа әр саладан автор-лық куәлікпен, патенттер алған ғалымдар көптеп саналады. Осындай қорғау құжаттарын алған студенттер мен жас оқытушылар да көп.

Мысалы, университетімізде студенттер арасында ең бірінші болып өнертабысқа авторлық куәлік алған «Ауыл шаруашылығы өндірісін механикаландыру» (қазіргі- техникалық) факультетінің студенті Витер А.Р., «Зооинженерлік» (қазіргі- технологиялық) факультетінің студенті Естаев Б.З. Бұл жағдайларға үлкен әсерін тигізген университетте 1969ж. құрылған «Патенттік - лицензиялық қызмет» болды. Оның бірінші жетекшісі, осы мақаланың авто-ры, ол кезде жас инженер О.Сапаров еді. Қазіргі уақытта бұл қызметтің осы салада университеттің абыройын көтеруге сіңірген еңбегін мақтанышпен айтуға болады. Оған дәлел биылғы жылы С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ өнертабысқа инновациалық патент  және патент алудан республика бойынша бірінші орын алуы.

Осы жоғарыда аталған пәнді оқыту барысында студенттер келесі мәселе-лермен танысып меңгереді:

1) Қазақстан Республикасының Патент Заңын;

2) Техникалық шығармашылық негіздерін;

3) Өнертабысқа инновациялық патент және патент алуға өтінім рәсімдеуді;

4) Дипломдық жоба (жұмыс) орындау барысында конструкторлық бөлім негізінде патенттік іздестіруден тәжірибелік дағды алу.

Осы аталған мәселелерден алған аз да болса білімдерін және дағдыларын келешекте студенттер өздерінің қызметтерінде пайдалануға қажеті болып, әрі пайдалана алса, онда пәнді жүргізуде алға қойылған мақсат іске асырылды деп айтуға болады. Сондықтан пәнді оқу барысында студенттер өнертабысқа өтінім жасаудан тәжірибелік дағдыландыру, келешекте дипломдық жобаны орындауға конструкторлық бөліміне күні бұрын құрылғы іздеуге патенттік іздестіру жасаудан тәжрибе алады. Соның нәтижесінде студенттер дипломдық жобаны орындауға ертерек қажетті мәліметтерді жинап, оны уақытында сапалы орындап, сәтті қорғап шығуларына жағдай жасалады.

*Жетекші: О.Сапаров т.ғ.к., доцент*